



ШЕЙХ ЭБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының және Орта Азия мұфтілер Кеңесінің төрагасы, Бас мұфти. Қогам және гылым қайраткері, корпекті Шығыстанушы галым. Филология гылымдарының докторы, профессор. 500-ден астам гылыми еңбектері жарық көрген. 10-18 гасырларда омір сүрген Әбу-л Қасым әл-Фараби, Ислайыл әл-Жауқари әл-Фараби, Әбу Ибраһим Ысқақ әл-Фараби, Бурхан әд-Дин Ахмад әл-Фараби, Махмад әл-Фараби, Байлак Қыпшақи, Хасан Әли Жалайри, Махмұт Тарази, Гийас әл-Дин Женои, Ҳусам әл-Дин Сығанақи және т.б. барлығы 50-ге жуық галымдар мен ойшылдар еңбектерін гылыми айналымға енгізді. Галымның «Шәкәрім және Ислам мәдениеті» еңбегі шәкәрімтану гылымындағы орісті жаңа багыт. Мақалада галымның даралық танымы айқын корініс тапқан.

ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ

Шәкәрім – Ислам жолымен айтсақ, нағыз тақуа мұсылман, ал гылым тәлімеп айтсақ ойшыл галым, кеменгер парасат иесі. Қазақ даласы ислам өркениетіне имандылығы және ақылымен нұр шашқан үлкен галымдар берген құтты мекен. Ал ондай дәнаалар жұргын ізгілік жолына бастады. Бұл іргі үрдіс ешқашан да үзілген емес. Еліміз тәуелсіздік алған соң халқымыз осындей имандылық жолына кайта бет бұрып, біртебірте рухани жаңғыру жолына түсүле. Еншіт максат Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың үлтиматив жайлы «казак кеңпейіл, адами құндылықтарды бағалайтын, адам баласының бәрін бауырым дейтін кеменгер халық» деген аталы сөзін ұстана отырып, дін мен гылым, мәдениет пен өнерге аяnbай тер тәккен рухани ірі тұлғаларымыздың бай мұраларын зерделеп, жүртімен қайта қауыштыру. Сондай-ақ Елбасымыздың: «Біз – тегіміз түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз қажет. Ол үшін Қасиетті клап – Құран Қарімді пасихаттауды естен шыгармауымыз керек», – деген парасатты сөзі әр мұсылманның жүргіппен берік орын алуы тиіс. Оның: «Біз суннит (Пайғамбар жолын ұстана) мұсылмандармыз және осы жолдан айнымауга тиесіз» дегені де тәуелсіздіктің сара да жарқын жолын айқындаумен катар, Ислам дінін түркі тектілер үшін де ете маңызды екенін көрсетti бергені жадымыздан шықындық қажет.

Мемлекет басшысының 1999 жылы 29 шілдеде Алматыдағы Бас мешітке келгенде: «Саясат құндығындағы мәнгілік» дегендің жүрт қазір қанатты сез ретінде айтып жүр.

Иә, мәнгілік құндылықтарын кадрлелеген халықтың гана болашагы зор болатындығы күмәнсіз.

Ел есімін ұмытпай, зор мактандышипен атайдын әлем таныған отандастарымыз Әбу Нәсір Әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, хакім Абай, дана Жамбыл секілді тагы да басқа даналарымыз қатарында данишшап Шәкәрім кәкшының тұратыны сөзсіз. Биыл ақынның тұганына 150 жыл тольын отыр. Ол жайлы әңгіме көп. Ең әуелгі айттар соз шәкәрімтану гылымының қаркынды және жүйелі замуы, екіншіден жекеленген галымдардың осы сала бойынша да іргелі еңбектерінің жарық көре бастауы. Үшінші, әрі ең бастысы Шәкәрімге және оның жазған шыгармаларына деген халқымыздың ерекше сүйіспеншілігі. Бұл жүртіміздың өткенін білуге, оны қастерлеуге деген құштарлығын байқаттын да көрсеткіш. Тәртіншіден, Шәкәрімдей асылдың атын түрлі теріс лиғылды ағымдардың өз мұддесіне пайдаланып қалуға ұмтылышы. Бұл төрт мәселе жеке-жеке тоқталуды қажет етеді.

Шәкәрімнің өмірі мен шыгармашылығын сөз етуден бұрын әуелгі сөзді Абайдан бастаған ләзім. Шәкәрім – хакім Абайдың туысы, оның ақындық мектебшіңің ірі өкілі. Бұл гылыми және көркем шыгармашылықта имандылық жолын ту еткен мектен. Ал ол мектеп жолын ұстанғаншар көп мәселелерге терсін бара білген. Имандылықтан айнымаган Абай «Айланың озі де рас, созі де рас, Рас соз еш уақытта жалған болмас», – деген халқын дүрыс бағытқа, имандылық жолына бастағаны белгілі.

Абайдың қара сөздері де казак халқының рухани байлықтарының бірі. Гылым туралы ой айтқанда да Абай: «Гылым – Алланың бір силаты, ол – хакикат, оған ғашықтық өзі де хакылдық һәм адамдық дүр» –

деген. Осындаған тарсұ танымды Абай мектебінің ірі өкілі Шәкәрім де Ислам мәдениетінің ірі тұлғасы еді. Шәкәрім толысын, кемел кезенге жеткендे 1912 жылы «Айтап» арқылы «Білімділерден бес түрлі сөздің шешүни сұраймын» деп жүртка бес сауал қойғаны еске оралады. Сонын біріншісі: «Алланың адамды жаратқандағы мақсаты не?». Бұл аса маңызды сауал. Бірақ айта кетер жайт – адам баласының жаратылысы, өмірге келудегі мақсаты, тылсым табигаттың сырлары, өмірдің мәні мен маңызы XIX ғасырда тек Шәкәрім кәжіны ғана емес, одан көп бұрын санғасырлар түрлі ойшылдар мен нарасат ислерін, даманар мен кеменгерлерді толғандырып, тұнғылғык ойларға жетелеген. Атакты философ, ақын Омар Хаям ол жайлы:

Келер мәнсін кетуіміз жұмбак біздін баяғы,
Шеше алмаган данышпан ой не теніз?
Бұл өмірдің басы да жок аяғы,
Кайдан келдік, енди кайда кетеміз, –

(Ауд. Аян Нысаналин)

деп мәселенің шешімін іздең шарқ ұрса, XVI ғасыр тарланы, гуманист, үлкен жүректі, тілекті, ақын, тарихшы ғалым Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) өзінің атакты «Жаһан наме» дастанында:

Салынғалы бері бұл жаһан керуен сарайы,
Өтеді келіп тынбай керуендер.

Ешқайсысы да білмейді кайда
Баратынын, не жол, не мекен айқын емес.

Бір-бірінін сонынан демде-дем
Жол тартып болуда бакилық.

Хабардар емес сшқашан олардан кісі,
Не болды еken ол жерде олардың ісі.

Сан мын барып бірі де оралмайды,
Барғанмен ол толып, бұл таусылмайды, –
деп толғанады.

Бұл сұрап Мекке, Мадинаға барып парызын өтеп, Алла Тағаланың мұбарак үйі Қағбаны көріп, тауап жасап, истиғфар айтып, Жаратушы Иесінен жалбарынып тілек тілеп, рухани байып кайткан Шәкәрім кәжіны да жыл өткен сайын үлкен ойга калдырып мазалауы занды. Мұндай сұрап Шәкәрім кәжі және оның тұстастарынға емес, сондай-ақ иман, өмір, ақырест, жаһан жайы бейжай калдырмайтын рухы таза кез-келген пендені қазір де ойлантуы тиис дейміз.

Іә, Алла Тағаланың бұл ғаламды белгілі бір мақсатпен жаратқаны хак. Ол бір сөзбен айтканда тіршілік нелеріне Өзін таныту. Жаратушы Иеміз күллі ғаламды өзінің құдіреті мен шеберлігінен шыққан әсем

де көркем туындыларын қорсетер ұлы көрме іспетті жаратқан. Адам баласы осы ұлы көрмегедегі Хақтың құдірет қолынан шыққан әрбір туындыға қарал, олардың шынайы ұстасы мен Жаратушысын тауып, тануга тиis. Ендеше, Алланың адамды жаратудағы ұлы мақсаты – өзінің кемелдігі мән ұлылығын паш ету.

Алла Тағала айнала коршаган ортаны, жалпы мына жұмбак ғаламды Өзін танытатын гажайып сырға толы алып кітап сектілді жаратқан. Ондағы әрбір нәрсе мәнісіне терен бойлап, оки білген саналы пендे үшін өзіне тән болмыс, бояуымен Ұлы Шеберін мензеп тұрғандай. Расында да адам баласы осына ғалам атты кітаптың сырына үніліп, дұрыс оки алса сөзсіз сол арқылы Жаратушысын тапқаны. Ал осына ғалам атты алып кітапты дұрыс түсіну үшін Ұлы Иеміз жер бетінен пайғамбарлар жіберіп, кітаптар түсіріп отырған. Сонын ен корытынчылаушысы Құран Кәрімді гажайып ғалам атты кітаптың түсіндірмесі, әрі мән-мазмұны десек, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз оны адамдарға жан-жакты түсіндіретін ұстасы деп билген ләзім.

– Адамға пршлік ен керегі не үшін?

Әсілінде, Шәкәрім кәжіның алғашқы сұрағына берген жауабымыз бұл сауалдың да жауабы екен сөзсіз. Олай дейтініміз, Алланың адамды жаратудағы мақсаты не болса, адамының тіршіліктең міндеті де сол болмак.

Алла Тағала Құран Кәрімде: «Мен жындар мен адам баласыны «төк қана (мені танып), маган гибадат етсін» деп жараттым» («Зария» сүресі, 56 аят), – деп пендесін құлшылық үшін жаратқандығын айтады. Ал құлшылықтың мәні мен астары неде? Құлшылықтың мәні адамының Ұлы Құдірет алдындағы кайран қалуы мен тәнті болуында. Мұны бір мысалмен түсіндіріп көрелік. Кез келген атакты суретшінің табигатты өрнектеген суретіне қарал таңданып, тамсанамыз. Оның өнерін, шеберлігін, таланттың мойындағы, мақтамыз. Ал сол суретшінің суретіне бір сәт ой жүгіртелікіші. Өспейді, өнбейді, төрт мезгілде түрлі құбылысқа өнбейді, ағаштары жеміс бермейді, сұы аклайды, құстары сайрап, балықтары жүзбейді. Бәрі де жансыз, жасанды, көшриме!

Ал табигат болса тамылжып түр. Қараган сайын қарағың келеді. Көз жауын алады. Ауасын еркін жүтіп, алуан ғұлпінің кош исін сезинесін. Балықтары тенізде тулайды. Ағаштары жеміске толы бұлтактарын әрен көтереді. Құстар сайрайды, тыңдаудың өзі бір ганибет! Міне, бұл тірі табигат. Нагыз тірі сурет. Ал мұның суретшісі де, Жаратушысы да бір Алла Тағала! Сондыктан Оның ұлылығын дәріптеп, «Алла ұлық», «Аллам сен қандай ұлысын!» деп бас ип, мадактау – нагыз құлшылық! Мұсылмандар бес парызының бірі намаздың әр басында үнемі оқылатын «Фатиха»

(«Беташар») сүресіндегі: «Бұқіл мадак та, мақтау да тек кана бұқіл әлемнің Раббысы – Аллитаған» деген аягтын байыбына осы арқылы жетуге болады.

– Адамға өзген соң мейлі не жәнмен болсын рахат-бейнет (сауда-азап) бар ма?

Бұл сұрап арқылы ақын өлімнен кейін өмір бар ма, онда жөннат, тозак бола ма деген мәні терен пәлсалалық ой тастал отыр.

Өлімнен кейін жана өмір, жұмак та, тозак та бар. Олай дейтініміз, Ұлы Жаратушының адам баласының екі дүниесі бақыты үшін түсірген ақырғы кітабы – Құран Кәрімнің өлгеннен кейін кайта тірілу тақырыбын қасиетті кітабымыздың шамамен үштеп біртіде сөз козғауы – бұл сенимнің канышылдықты манызды екенин нұсқаса керек. Ақырсттің болатыны күмәнсіз, хак. Шәкірім ақынның:

«Әлемдегі діндердің тұп максұты

Үш нәрседе бұлжымай құшактасар:

Құдай бар, ұждан дұрыс, киямет шын,

Еш діннің максұты жок мұнан асар», – деп жырлаганыңдай тарихқа карасақ, жалпы адам баласының бір пікірде тогысқан мәселесі – осы ақыретке деген сенімі. Адам Атадан бастап жер бетіне келши-кеткен барлық нағамбарлар Ұлы Жаратушының барлығы мен ақыреттің еш күмәнсіз хак екенін ін жар салса, жүргегі нұрланған құллі ғалымдар мен ұлы ойшылшар бұл сенимге бекем илапын, мына жалғаш уақытша өмірлерінің ағысын сол бір мәңгі өмірге қарай реттеп, бағыт түзеп ғұмыр кешкен. Міне, осы ұлан-асыр тарих пен осыншама занғар тұлғалардың ақырет тұрасында бір пікірде болуы – ақыреттің хак екендігін білдіретін басқа дәлелдерге жүгінуді қажет стпейтіндей құатты дәлел.

Ал сынақ үшін жаратылған уақытша дүниеден кейін ақыретте үлкен сот болмақ. Бұл соттың әділлітті төрешісі Ұлы Жаратушымыздың өзі болып, сол жерде бәріне тиісті бағасы берілмек. Ендеше, барлық кемелдіктің шынынайы исі, патшалардың патшасы – Алла Тағала жаксыларға сауабын сыйлап, жамандарға азабын беріп, әділліттілігі мен шексіз құдіреттің пашету үшін ақыретті жаратып, үлкен сот қуруға тиіс. Иә, Алланың шексіз құдіреті мен қара қылды кар жарар әділліті ақыретті, үлкен есеп күннің жаратылуын қалайды.

Ұлы Жаратушымыз Құран Кәрімде:

«Киямет күні әділдік таразысын құрамыз. Ол жерде ешбір жан әділлітсіздікке ұшырамайды. Істелінген іс бір хардал дәншип салмагындағы болса да, оны таразыға әкеліп тартамыз. Есеп алушы ретінде біз жеткіліктіміз» («Әнбия» сүресі, 47 аят), – деп бұл дүниеде істеген әрбір ісміздің ақыретте әділ таразымен тартылатындығын білдіреді.

Иә, ақырет сиякты екінші бір дүние жаратылmasa,

бұл пәннідегі көптеген түйні күшін саудаудар жауапсыз қалар еді. Мына дүниеде сезіліп, байкалтан көптеген әсем мағына баянсыздандып, құллі жаратылыс бейне бір аяқсыз қалған түсініккіз кітап болмак. (К.Жолдыбайулы)

– Ен жақсы адам негылған кісі?

Ен жақсы адам әрдайым бойындағы жаман қылыштың көре билсін, мойындаі алған парасатты тұлға. Кате қылыштарымен үнемі құресіп, олардың орнын кемел қасиеттермен айырбастан өйткен адам. Өзі үшін емес, көбірек өзге үшін ғұмыр кешкен жан. Қысқасы, ең жақсы адам әрбір ісінде Жаратқанның ризалиштығына жетуді мақсат еткен, кемел адам хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызды ұлғы тұтқан рухы биік, талабы озық пенде.

– Заман өткен сайдын адамдардың адамшылдығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?

Адам болған жерде ак пен кара, сауда пен күнә, зұлымдық пен әділдік, бақ пен қайғы қүнде жарысын қатар жүреді. Адамзат тарихына кез жүгіртсек адам көлімен жасалған небір соракы істер, жан түршігерлік аяусыз зұлымдықтарға әрі жан сүйсінгер адамға ершилк пен мәдениетке де күә боламыз. Мұның бәрі Жаратқанның жарлығына жақында немесе одан алшак кегумен тікелей байланысты екені айпласа да түспінкі.

Қазір галамда байбітшілік салтанат құрып отыр. Адамдардың көбі бейкатель жершарын көзін жүр. Білім дамыған. Мәдениет өркендерген. Десек те әлі де жазықсыз жапа шегіп, қасиретке ұшырап, қаза тауып жатқан адамдар жеткілікті. Аштықтан күйзеліс құшагында жүрген мемлекеттер, білімсіз жиырма бірнеші ғасырга аттаган елдер де жок емес.

Бұрынғы азғындықтар білімсіздікten болса, казіргі азғындық білімге сүйенеді. Бұғанда батыста ғылым деген желеумын дүниеге әкесіз бала әкелу «сәнге» айналды. Әйсл тәндігі деген желеумен балалы анасынан, отбасын сүттей ұйыған үйлесімі мен берекесінен айыруда. Мәдениет деген айдармен қыздарымыздың қіндігі ашиғп, әбүйірен айырып, мәншүрттікке ұшыратты. Демократия деген сұлтауын еркек пен еркек, әйсл мен әйел некелесуде. Мұның бәрі тарихта болмagan азғындық. Мұның емт де киши. Өйткени азғындық – «мәдениет», «жана заман талабы», «ғылым», «орксандеу», «әйел тәндігі» секілді кастерлі ұрандар тасасына жасырынған. Бұған тек Құран нұрына шомған, рухы биік иманды жандарға ғана тойтарыс берсе алады. Ендеше Жаратқанның сонғы дин исламның қайта ғұлденуі арқылы адамның да адамгершілігінің артатындығында сөз жок.

Шәкірім қажының сол кездегі ұлт зиялыштарына мұндай саудаудар қоюдағы максаты, аталмыш мәселелерді білмегендіктен, жауап таппай киналғандықтан емес. Оның себебі туралы: «Құдай

жеткізсе бұл туралы жиналған сөздердің бәрін жинап кітап қылыш бағыттарынан сөздердің бар. Бұл сұраган сөздердің халық пайдасты деп ойлаймын» – дейді халқы үшін тұган кайран гуманист баба.

Шәкәрім теоло-философиялық поэзиясында да адалдық, адамдық жолының анық баставу кайда екенин:

Бір Аллага сиынган арам өлмес,
Кұдайсыз кү колынан іс тे келмес.
Бейнілік бекем буган белі сиыбас,
Ел бұзса да адалдық өзгерілмес, – дейді.

Шәкәрім өлеңнің әр шумағының «Бір Аллага сиынган арам өлмес» деген тармактағы бастаналуы кездескіткі емес. Шәкәрім поэзиялық шығармаларында адаудық, имандылық жолын қашанда шамшиярак етіп отырган.

Шәкәрім әнциклопедиялық білімі барданышпап тұрға еді.

Онын ғылым мешіндердегі енбектеріне келсек, олар: «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қыргыз-казак һәм хандар шежіресі», «Үші анық» туындылары және лирикалық һәм эпикалық шығармалары, аудармалары. Олар қазір әр қырынан зерттелуде. Ал, қажы енбектерінің мұсылман шығысы тақырыбына келсек, сиң әуелі ауызға Физули (1494-1556) ақынның ізімен жазған, немесе Шығыстық белгілі нәзира дәстүрімен туыннаткан, мұсылман халқының Ромео мен Джүльєттасы, яғни «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы ілігеді. Осы шығармасының анлату бөлімінде Шәкәрім мұсылман Шығысы жүлдіздарын құрметпен атап отеді:

Науан, Сагди, Шамси, Физули бар,
Сайхали, Кожа Хафиз, Фирдаусилар...
Баянгаш, елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздін нұрлы жайған солар.

Науан (1441-1501) мен Физули (1494-1556) парсы, түрік тілдерін еркін білген, осы тілдерде озық ойлы, гибратты шығармалар калдырган заманының даналары болса, Сагди (1203-1292), Кожа Хафиз (1325-1390), Фирдауси (940-1030) Сайхали (XV ғ.), Шамси (?-1247) гарсы тілді, тексті ақындарды. Осы екі топ өкілдерін Абай, Шәкәрім сыйнды даланыңдана перзенттері жаксы билген, олардың шығармаларына құрметпен көл созып, тіпті үйренип, жүргініп те отырган.

Шәкәрім Ислам әлемінің осындай құдіретті ақындарын өзіне ұстаз тұтқан деуге де болады. Және өзі де осы ұстанған адамдық жолынан, ізгі іс, ізгі сөзінен, имандылығынан айнымалан.

«Шәкәрім қажының Мекке-Мадина сапарынан кейнігі жасаған өзіндік бір шығармашылық белесі бар. Ақынның бұл белді белесі алғы толық ашылып, байыпшен зерттегімей келеді. Абай ағасы Шәкәрімді бір үлкен жолға салып жіберген еді. Сол қажылық сапарында қажы Семей даласына Шығыс пен Батыстан гажайып

бір рухани көпір тартты. Гомерді, Физулиді, Пушкинді, Толстойды казак сахарасының конагы етіп кана қоймай казакша сайратты» – деп жазады осы мәселені зерделеп жүрген көрнекі шыныстанушы-иранист ғалым, профессор Өтеген Құмісбаев.

Ол ері карай: «Мекке-Мадинадан кейін қажының ой әлемі жана қырынан көрнігі, құлпырып шыға келді. Бұл еші бұрынғы Шәкәрім емес еді, әлем алтытарымен сырласып басқаша биктерін тапқан, Абай армандаған Шәкәрім еді, ол Шығыс ойшылдарымен тілдесіп, иықтасып, өлендеріне, кара сөздеріне, эпикалық дастаңдарына кен құлашты арна ашып айда.

Шығыс поэзиясында бір тақырыпты бірнеше ақындардың жарысын жырлауы әбден калыптаскан әдеби ластир. «Назира», «Татаббу» (Жаярап) тәсілі бізде ері зерделі зерттеу нысанасына айналған жок. Әли М.Әуезов айткан цитатаның айналасында жүрміз.

Шәкәрім Иранның Шираз қаласынан шыккан төрткүй дүниеге машінүр шайыры Хафизге барды. аударам деп, еліктеймін деп бармады, өзегін өзекті шынынан өз өлеңіне орісті өрнек алғып косу үшін барды. Казаки өленгес сыймаган сопылық сырлардың каймагын сипырып алууды діттеді. Дала сонеттерін еуропалық өлен дәрежесіне жеткізіп жырлауды мансұқ етти. Мейірбандылықты, нарасатты, өнерназдықты, имандылыққа берілуді, Ҳакқа жол іздеуді, гуманистік адами қасиеттерді Хафиздің көкірек көзімен бір тексеріп алды. Сейтіп, таза жүректі, терен ғылымды, әділетті, махаббатты барынша құштарлықпен шынға шығарып шырқады. Алып ақындық қуаттан тұган шығармаларды дүниеге әкелді, ойшыл өз поэзиясына, біліміне, ғылымына тиянак іздеді, танты да.

Білімділерден бес түрлі сөздін шешуін сұраймын деген Шәкәрім сол бес түрлі сөздін жұмбагын Хафиз газалдарынан да карастырды. Тумак пен өлмектің арасындағы «Ой жемісін теремін өлгенимшө», «Қазақта кайдан болсын терең ғылым. Тұбі арам айла қуған өңкей зағым, ізденген бес ісімнің бірін таптай, не болсы, кайғы болмай көрген күнім» деп күрсінеді ұлы ақын.

«Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұрды» Хафиз газалдарынан тауып мейірленеді, қуанады. «Бұзылмайтын шын керек» деп түйіндейді.

Қатып қалған желінен,
Қаймагы бар бал шыкты.
Қайғылы біздің көnlлден,
Қайғырған сайын кан шыкты – деп қазак ақыны жүреккек терең ұлаган Хафиз газалдарынан қазак көnlішінә үндестік табады, көркем өрнектер табады. Домбыраның үстінгі шегін Хафизге шертькізсе, төмөнгісін өзі шертьп шерін гаркатады, имандылық пен тазалықты көкірек нұрымен тазартады.

Шәкәрімнің «Жазбаймын дәл өзінше Пушкин сөзін» деуі текten тек смес. Осы ұстанымға берік болған

ол Пушкинге, Физулиге, Хафизге барса да бөлек сипаттагы шыгарма алып кайтады. Шәкәрім ұлымармен жарысуға бейім тұрады, тегеурінді галанттың сондай биңтерге жетелейді. Хафиз түсінінда да ол жаңашыл ірі тұлға екенін паш етті. «Оятқан мені срте Шығыс жыры» кемеслік, ішкі сырдың толыққандылығын көрсетеді. Сондыктан да ол тәржіме еткен парсы шайырының ғазалдары қазақ өлеңіндегі оқылады, асыл нұскадан алган қазыналарын алтын бесікке айналдырыды.

«Анық ерге жолдас бол» аудармасын алсак та қазактың ұгымына, жұртына жақын ойды, түйінді табамыз, оки келе төл туындыдай боп естіледі. Сонау XX ғасыр басында тұрыл, тәржіма тарихына терен соқнап салып өткен Шәкәрім тәжірибесі әлі толық таратылып, зерттелген жок. Аудармашы мұнда да Хафизді жолма-жол күмайды, кейде асырып, кейде жастағында жатады. Қазакта Хафидзин солының түсініп гараташ таллаған, содан бері қарай соқнап тарған Шәкәрім ғана болса керек. Екеуде ұлы фәлсафашы, толғанышыл, ойшыл, сабактас, сосынғы ішкі үншестіктері ортак көркем өрнектерге апарды.

Куаныш қызы рахатта,
Кайғысыз бол, іш шарап.
Құранды оқып, ел аулап,

Тұзак құрма сен бірак – деп тамамдайды.
Адалдық, тазалық, адалсүйгіштік, акжүректілік паш етіледі. Имандылықты, тазалықты, шындықты ту етіп көтереді. Сайып келгенде пәзирашилдық сырьы, қыры Шәкәрімде взгешелдеу. Абай бекетін аттап еттей, соны жана нұрлы жолдармен жалғастырады.

«Егер сүйікті сол бала» деп басталатын Шәкәрімнің Хафидзден алган аудармасы құрылышы, сыртқы, ішкі ішшиң жағынан шалыс үйкаспен жазылған қазақ олесінін санатына жатады. Небарі отыз жолдан тұрады. Хафидзе бұл өлең он сегіз жолдан құралған, үйкасы ғазал түрімен келген а б а в а г а . д а . к а – бол келеді. Хафидзде арнағы тақырып болмайды, тақырыбы ғазалдың бірнеше жолы болып саналады.

Шәкәрім Хафидзі қазақ ұгымына жақын етіп, ыңғайлас, ұлттық бітімге сәйкес стіл алады. Қазақ ақыны тұлпұсқаның шенберінен шығып, ұлттық бояу, ренде танытады, десек те, тұлпұсқаның сюжетін, мазмұнын, негізгі идеясын сактайды. Әлбетте, кейде Хафиз аудармашының ізденис шенберін өз ауқымында ұстал, шылбырды босата бермейді. Шәкәрім атамыз атакты мәтінді көркем менгеріп, тұлабойына сыналадаң отырады. Қазақ тілінің табиги күйін, калпын танытады.

Эрине, Шәкәрімнің көркем аудармасының тілі асыл нұсқа тілінен алшактау отыrsa да, негізгі желіден кашықтал кетпей косарланып түлдеседі. Қазақ ойшыл ақынының каламгерлік даралығы екі жақтың да бояу, ыргагын жоғалтпай тізгінді тен ұстайды. Автор

тұлпұсқадагы образдарды қазаки қалыңка түсіріп. Хафиз ғазалының эстетикалық-көркемдік сапасын сактап, қазакша жақын баламалар жасайды. Сөйтіп, ол өз ғасырындағы қазақ тындарманы, оқырманы үшін түлпұсқаның өрнекti ерекшелігін қазақ ұгымымен үйлестіріп барып, тандай тұшытатын тәржіма жасайды. Қазақ қауымының ортасында лириканың жана түрін әкелді. Шығыстың, Еуропаның, орыстың поэзиясын жетік менгерген Шәкәрім Хафиз ғазалының қазақ тіліндегі тұн үлгісін сомдаң кеткен.

«Кел, аяксы, қымыз қүй» – деп басталатын Шәкәрім тәржімасы Хафидзе «Саки, нұр шашқан шараптан құй» делинген. Парсы шайырының төрт жолы қазақ ақынында сегіз жолға айналып келеді. Аудармашы жолма-жол кайтаруды максат етпеген тұлпұсқаны терен түсіне отырып, онымен тепе-тен жарыса біліп, өзіндік өрнек жасаған. Егер атакты атамыз Хафидздин қөленкестінде қалып койса, мұншалықты дербес, жақын жыр шықпаган болар еди. Хафидзегі: «Матраб бегу каф жахан шод бекам ма» деген екінші жолды Шәкәрім: «Домбыраши, тартышы қүй» – деп алған. Эрине, «музықант сөйле» десе қарасөзге ұқсан, әлсіреп кетер еді, сосын барып музықанттың орнына «домбырашыны» енгізеді, бұл тапқырлық еди, қазақ табигатына жақындығы еш, тауып алған олжасы еди. Жазбаша аударма қалыптаспаган кезде Шәкәрім Хафиз ғазалдарыңа батыл барып, тыныш түрен салды. Тәржімашы қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерінің мол пайдаланаады.

«Кел, аяксы, қымыз қүйда» сом алтынның сыйығындағы ақын аузынан түсін қалған мынаңай жолдар бар: «Асықка ажал келмейді. Қандай қаза көрсө де, Конілі жанды өлмейді. Тәні жанды өлсе де». Аудармашы тұлпұсқага сүйене отырып, тыннан жол салып, окушысына сыйтабак тартқандай эсер етеді. Бұл үлкен ізденістең, дара даналықтан тұган өлең жолдарында Шәкәрім шебердің өзіне ғана тән қолтаңбасымен мұндалап тұрады. Хафидздин «Гайыштан келген тілінің» құпия пернелерін дөп баса білген Ш.Құдайбердиев ұлт мәдениеті мен ұлт тілінің тұтастығын ыдыратып алмай тұтас бірген. Сонымен Хафидздин өлеңін тікелей тұлпұсқасынан тұрғызып алып, қазақ поэзиясының құрамдас бір бөлігіне айналдырған. Шәкәрім бір қолын парсы ғазалының биң шынына артса, екінші қолын қазақ киізүйнен алмайды, ұлттық ерекшелік, бітімді сактайды. Шәкәрімнің Хафидзден алган әрбір аудармасы иірім, нышаны қызы құрделі құбылыс», – дейді («Жұлдыз», №7, 2008, 124-126 беттер).

Шәкәрімнің «Уш анық» атты еңбегі де болмысы бөлек терен шыгарма. Шәкәрім осы туындысын: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен сон бір түрлі түршілік бар. Екі өмірге

де керекті іс – ұрдан. Ұрдан – дегеніміз ынсан. әділет. мейірім», – дейді. Бұл, Ислам мәдениетін төрек білген данышпанның сөзі.

Ұрдан – Ислам ғылымының басты таңымдық категориясы. Шәкәрім мәңгі мен бакиды катар алып ой толғайды. Осы енбегін түйінді сезінде ойшыл ақын: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – мұсылман жолы...», – деген мәнді сез айткан. Бұл Шәкәрімнің ғылымдағы төрек таңымынан туған накты тұжырым. Ислам мәдениетінң осылай мәнгілігін, жер бетіндеғі адамзат атаулыны бауырластыратынын ол анық та ашық айткан Шәкәрімнің сенімі мен таңымын біз кашанда мактандыспен еске алып, жиі насиҳаттап отыруымыз тиіс.

Шәкәрім – Ислам ғұламасы, ислам мәдениетінің ірі кайраткері. Ислам имандылық пен салауаттылықтың, зиялыштың пеш текtilіктің тірепі, құралы ері кепіл екенін Шәкәрім саналы өмірінде уағыздап откен. Оған дәлел ретінде «Мұсылмандық шартын» ерекше айтуга болады. Осы енбегін: «Алла Гағала барша адам баласына бір Алла Тағаланың барлығын, бірлін һәм озін жарагатқан исес екенін білгіп иман келтіріп, құлыштылық қылсын дең жаратқан» деген имани сезбен бастаган.

Иа, Шәкәрім хакім Абайдың ақылымен касиетті Мекке, Мадинаға сапар да шеккен, герен білімді кажы болатын. Халық сондыктан да атын атамай Қажы ата дең күрмег көрсеткен. Шәкәрім халқына керек тек имандылық жолы екенін анық түсінген. Сондыктан да ғылыминың ер саласын сез ететін енбектерінде Ислам ғылыминың сара жолы айқын көрініс тауып жатады.

«Уш анықтың» түйін сезінде адам атаулыны бір бауырдай етіп, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жолислам жолы деуі Шәкәрімнің Ислам ғұламасы екенін көрсетеді. Шәкәрімнің «Мұсылмандық шартын» жазудағы мақсаты халқының болашағын ойлагандықтан, халқына діни дүріс жол, дүріс бағыт көрсегүре үмтілік деп түсінгеніміз жөн. Бұл шығарманың ол кезде және казір де манызы ерекше Оны XX ғасыр басында қазак тілінде жарық көрген алғашқы діни оқу құралының бірі деу керек. Ол түстегі діни кітаптардың басым бөлігі араб, парсы, түрік және татар тілдерінде болатын. Сондыктан ол тілдерде жарық көрген кітаптарды арнаулы оқу орындарында білім алған мамандар болмаса, жалпы жүртшылық еркін пайдалана алмады. Ал араб, парсы тілдерін жетік мейірерген білім нелері аз еді. Сол аздың бірі, тіпті бірегей Шәкәрім кажы болатын. Сондыктан туған халқының алдында зор беделге ие Шәкәрім кажының «Мұсылмандық шарты» ерекше болды. Ол пайдалануға женел, төрек біліммен жазылған тамаша туынды. Шәкәрім оны мәніне қарай бес білімге бөліп,

жүйелегсін:

1. Иманнын мағынасы және иман сенімі (Исламның мәні);
2. Ахлак (Ислам психологиясы);
3. Іс-харекет үкімдері (Сөзіз амал);
4. Ислам негіздері (Фібадат);
5. Көгамдық катынастарғы шарғи талаптар (Фікір шартынан негіздері).

Біршама бөлімде иманнын талаптары толық камтылған. «Иман сенімі» бүгінгідей алты шартпен емес, сол кездегі түркі тілдес халықтар пайдаланып жүрген діни оқулыктарға сәйкес жеті шартпен берілген. Атап айтқанда:

- Алла Тағаланың барлығына және бірлігіне сену.
 - Иләһи кітаптарға сену.
 - Алла тарапына жіберілген пайғамбарларға сену.
 - Перштегерге сену.
 - Ақиред күнінің болмагына сену.
 - Барлық жаксы, жаман істер Алла Тағаланың тағдырының болмайтынына сену.
 - Өлген соң кайта тіріліп, сұрау берілетініне сену.
- Сондай-ақ, бұл болімде «Ажал», «Қабір азабы», «Адамның өзін-өзі таңуы» тақырыптар және әhlus сұннага кәтісты бірқатар мәселелер қыска да болса нұсқа камтылған. Мұнда барша адамзатка рахым етпі жіберілген – хазретті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың: «Ен жақсы мұсылманды – ахлакы (мінез-құлқы) жақсы мұсылманды», – деген хадисінде айтылған мұсылмандың мінез-құлқынан, жүрістірілік сөйлемен сезінен, биязылық, сабырлылық, байсалдылық сияқты ішкі магынауи сұлулықтың да корініп тұруға тиісті екенін айттылған.

Шәкәрім енбегінде осындаған манызды мәселелер көрініс тапқан. Ол кездегі оқыту жүйесінде ахлак ілімі Ислам негіздерін үйретуден бұрын жүргізілетін. Өйткені тәрбиелік тұрғыдан жетілген мінез-құлқы исесі ғана Исламды алып жүру мән таратуда ізлілік жетекшісі бола алатын Шәкәрім осыны төрек түсініп, соның талабынан шыға алған тұлға. Бұл еңбек Шәкәрімнің шаригатқа да жетік екенін көрсетеді. «Шәкәрім және руханият мәселелері» болашакта кен карастырылуы жақет деп білеміз.

Шәкәрім дін тарихын, ислам мәдениетін жақсы біліп қана коймай, оны халыққа қарапайым түсінірудің жолдарын да менгергесін.

Шәкәрімнің дін, шаригат мәселелерін сез ететін енбектері Орта Азия мұсылмандары ежелден ұстанып, келе жаткан Әбу Ханифа мазһабына (діни құқықтық мектеп, жол) түгелдей сай келеді. Соган қарап оның ислам қагидаттары бойынша білігіне де кайран калуға болады. Қагидат демекші исламның сұнни бағытында Ханафи, Ханбали, Шағиғи, Малики секілді төрт мазһаб бар. Соның ішіндегі Ханафи мектебін бабаларымыз

осыдан мын жылдай бұрын тандап, сол мектеп жолынан айтымай келеді. Бұл мазғаб өзінің түркі халқының салт-санасы, әдет-ғұрпана күрметшің карауы, бұғынгі тілмен айтқанда демократиялығымен ерекшеленеді. Сонау IX ғасырдан бастал Орга Азияда осы мектеп ілімінің беделін арттырып, өлкемізге кең таралуына үлкен үлес коскан Бурған ад-Дин әл-Марғішані, Шамс әл-Аймма әл-Кердери, Джалаад ад-Дин ас-Сығнаки, Шараф ад-Дин әл-Женди, Шараф ад-Дин әл-Ақили, Бурған ад-Дин әл-Аршади, Жалаад ад-Дин ас-Саффар. Шамс ад-Дин әл-Кубауи, Насафилер, Кауам ад-Дин әл-Иткани әл-Фараби ат-Гүркістані, Хусам ад-Дин ас-Сығнаки сектіді ғалымдар болды. Олар қазақ жеріндегі ислами-рухани орталықтардан шыкты.

Шәкәрім қажының мұндай данышпандардың енбектерімен қашшалықты таныс екендігі бізге беймәлім. Дегенмен оның туындылары аталмыш білімназдар мектебі аясында жазылғаны күмәнсіз.

«Мұсылмандық шартының» мән-манзызын айтып гауысу да мүмкін емес. Халық бұл дүниені қолдан-колға алғын оқыған. Ол сөйтіп бір-біріне сыйга тартылған бағалы кітаптардың біріне айналған. Кімнің үйінде «Мұсылмандық шарты» бар болса, сол үйге көрші-коландар жиналатын. Ілеуі дауыстап оқып, қағандары тыңдап, сонынан оны ғалдағы, өздерін рухани байыруга күш салған. Иманның үшінші шарғы Жаратушы жіберген кітаптарына сену, яғни әр кездері түрлі қауым мен халықтарға нәзіл еткен кітаптарға иман келтіру болатын. Жоғарыда Алла Тағала өз қалауымен әмір, тыйымдарды жәнс хикметтерін құлдарына білдіру максатымен пайғамбарларына кітаптар түсіріп отырган дедік. Бұл дүниелер иләһі кітаптар деп аталады. Жәбірейіл (ғ.с.) арқылы пайғамбарларға уахи болған кітаптар мен сухуф (параптар) саны – 104 парап. Солардың оны Адамға (ғ.с.), елуі Шигке (ғ.с.), отзызы Үңдырыска (ғ.с.) және оны Ибраһимге (ғ.с.) жіберілген. Ал, нақты кітаптарға келер болсак Тәурат – Мұсага (ғ.с.), Зәбүр – Дәүітке (ғ.с.), Інжіл – Исаға (ғ.с.), Құран – қазареті Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымызға нәзіл етілген.

Шәкәрім «Мұсылмандық шарты» тана емес, кайташай айтсак поэзиялық шығармаларында да дін мәселесіне ерекше мән берген

Біршінші, Мұса (ғ.с.) пайғамбарға түскен Тәуратқа қатысты ақын былай дейді:

Пайғамбар Мұса жолықса,
Сөйлесіп көнілім орнықса.
Адасты Жәбірей дер едім,
«Тәуратты» кайта толықта.

Екінші, Зәбүр түскен Дәүіт (ғ.с.) пайғамбарға:

Дәүітті көрсем ән салып,
Уанар едім қарсы алып.

Ақында калды иманын,
Дер едім үйрет бір барып.

Үшінші, Інжіл түскен Иса (ғ.с.) пайғамбарға:

Айсаны (Исаны – Ә.Д.) көрсем егер мен,
Тірі дер ем қайта сен.
Сені құдай деді де,
Айрылды халқын дінінен.

Төртінші, Қасиетті Құран түскен қазареті Мұхаммед (ғ.с.ғ.с.) пайғамбарымызға:

Мұхаммедті коре алсам,
Сөз катып жауап бере алсам.
Адасты молда дер едім,
Құранды үйрет келе алсан.

Бұл жерде Шәкәрім дана біріншіден әлемдік діндердің тарихын жақсы білетінін байқатып отыр. Құран Қәрімге келгендегі түзету, тагы басқадай әнгіме айтлады. Қайта қазареті Мұхаммед (ғ.с.ғ.с.) пайғамбарымызға қасиетті Құраны үйрет дейді. Оның да себебі бар еді. Исламда ғылымның, ілім, білімнін кайнар бастауы – Алла Тағала. Ғылым (Әл-ілм) – Алла Тағаланың бір сипаты, 99 қөркем есімдерінің бірі. Сондыктан да Құран Қәрім Алла Тағаланың сөзі, адамзатты адамшылдыққа бастайтын ғылым, сондыктан оны оқығанда дүмшелікten ада болып, түсініл, жүргегінмен беріліп үз көрек екенін теренін төбірене толгайды.

Екіншіден, ақынның осы өлеңдегі «Адасты молда дер едім» деген тармагына түсінік бере кеткенді жон санаймыз. Қазақстан Ресей отарына айналған соң, бірте-бірте ата дінімізге тосқауыл қойыла бастады. Мешіттер салуға кедергі жасалынды. Ислам діні мамандарын даярлайтын медреселердің жабылуына байланысты, асыл діннің қыр-сырын бюлентін, сауатты имамдардың өзі де құмға сінген судай жоғалуға айналды. Халық рухани аштыққа ұшырады. Ол аз болғандай отаршылар еліміздің солтүстік аймактарындағы бауырларымызды жоспарлы түрде шоқындыруға кірісті. Сол себепті де Шәкәрім ақын айтқандай молдалар аласып, қасиетті Құранды үйрететтіштер тым азайшы кетті. Ойшил баба осы халғе қүзелип, Алла Тағалаға мінажат етіп, қазареті Мұхаммед (ғ.с.ғ.с.) пайғамбарымызға шағынып отыр.

Поэзия тілімен адамзат баласын әділ, ақиқат жолға бастайтын Ислам діні мен оның бүкіл адамзатқа ортак асыл құндылықтарын дәрінде ұлттық поэзиямында күшті дамыған. Шәкәрім әмір сүрген кезде хак дініміз Исламды жырлаған ақындар аз болмады. Мәселен, Мәди Меркішұлы деген ақын Түркістан өлкесінде әмір сүрген. Саттар Өмірзаков деген азамат оның шығармаларын Ташкентте бастырып шығарыты. Сол ақынның «Ислам діні – хак дін» деген өлеңінен үзінді келтірілік:

Мұсылмандың көзінде жараган.
Діннің мәнінде жараган.
Гамам хикмет жаңанға,
Мұсылмандың тараған.
...Әбу Бәкір, Раван, Фараби,
Әбуғали Сина, Араби.
Гүлама мұндай көп болғат,
Хикметтер ашқан шараби.

Осы олеңде аяттары аталған [Әбу Насыр] Әл-Фараби (870-950), Әбу Әли ибн Сина (980) казакка белгілі болса, ал Ибн әл-Араби етегене таныс дей алмаймыз.

Ибн әл-Араби (Мухәммәд ибн Әли әл-Хатими ат-Тайи (1165-1240)) ірі ислам философы, мистик ақын-ды. Ізбасарларды оны «ұлы ұстаз» дегендегін. Тегі жаңыдан андалусиялық ойшыл оз шығармаларын тек араб тілінде жазған. Әдетте Орта Азияда нарын ақындары болмаса, араб тілінде нарасат иелерінде атап аталағыны белгілі.

Әйтсе де ол Китай Азиядегі түрк жүргізгінен белгілі. Әйткені ол онда континенттегі шоқірттер қалыпты. Оның шығармасына сліктегендерден Орта Азиялық ақындар пішіле Сағадад-Дин Ферганидің аты аталады. Казак ақындары Ибн Арабидің сопылых сарындағы олеңдерімен түрк, нарын, шағатай тілдеріндегі тәржімалары арқылы таныс болуы мүмкін.

Жақсылық нұрындашкан Ислам дінінің құдретін және ислам дінишандарын Мәді Меркішұлы кең тарапты айтады. XX ғасыр басында ғалымстан сокқан қауіппен де категориалық шығармалардың иман жөнінде түсініп көп кедеріт көлтирген белгілі. Тіпті Ислам дінінің тарихы мен мәдениеті, дін ауапынан алушылардың көзінде оның шығармалары. Сол кездің ауыр халық Мәді ақынбылай суреттеген:

Мыңдан бір ғылым білмейді.
Түсінуге келмейді.
Еуропа опері Исламнан.
Үйренді десем сенбейді.
... Болды олар зор қала,
Болдың біздер кор шала.
Сонан соңғы мұсылман,
Болып ости кор бала.

Ақын осылайша оғарышылар қысқағына түскен заманда мұсылмандар душар болған ауыр наубетті ашыл корсете алған. Бұл халқының тәгдірін ойлаған, шағызың иманды азамат ақынның сөзі. Дәл осындай жырлар Шәкәрімде де бар:

Салынған қала жок,
Оқытқан бала жок.
Көльїнда опер жок.
Ғылымда дана жок.
Көрстін көзі жок.
Үгатын сөз жок.

Қазактың бүл күнде,
Аты бар, озі жок.

Кантипалық табиғендегі, ашынумен айтылған өлсін десеңизші бұл Шәкәрім «ұғатын сөз жок» дейді. Әйткені отарлары жүйе мен оның жандайшаптары қазактың ұғатын сөзін алғып, септінде дақтуғын кезең еді бұл. Әйтсе де жұрттымыз Исламда деген сенімін жүргегінде сактай алды, жоғалтлады. Тәуелсіздікпен бірге ата діннің кайтып оралды. Алла Тағала колдана халқымыз зәулім калалар гана емес, рухани ордаларды да ұмытпай мешілті, мәдressesлер де салып жағыр. Гәүбе, шүкір! Халқына олшесіз қызмет етіп жаткан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Исламның өркендеудің де орасан ықпал етіп, камкорлық корсетіп отыр. Елбасының бір созінде: «Халық өзінін ұлттық кайнарларына, иман тазалығына кайтып оралу үшін мен Қасиет оқимегін тұсында жабылып қалған жұздеген мешіттерді еліміздің мұсылмандарына кайтаратып бердім», – дегені есімізде. Егерсін ел болғаппана берітін он жеті жыл шілдесінде сліміздегі мешіттер саны қазір 2300-ге жетті. Ендігі мақсаттардың бірегей Шәкәрім баба армандағандай Ислам ғылыми теренін билетін жоғары білімді, білікті мамандарды көттеп дайындау. Сол себептегі университеттегі пән институт, мәдressesлер ашылған, жоғары білімді де білікті мамандар лаялау қолға алынды.

Шәкәрімнің Ислам өркендеудің катысты ой-тандымы болашакта терен зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, «Шәкәрімтану мәселелері» тоғтама ғылыми жинағының алғашкы бес кітабының соңғы жылдары жарық кору қуантады.

Бұлар жеке тұлғанын шығармашылығын әдістемелік тұрғыдан жүйелі зерттеудін сліміздегі тұнғышы. Жалғасын таба берер мұндай іргі үсті қалыптастыру, әмбеттің онай шаруа емес. Шәкәрімнің көзінде айтылған ғылыми ойлардан бағтаған, бүтінгі гуманитарлық ғылым салалары бойынша жарық корген зерттеулердің жүйелуе отандық ғылымдағы салих амал. 2008 жылы «Шәкәрімтану мәселелері» тоғтамалық ғылыми жинағының сік кітабы, яғни алтыншы және жетінші томдары жарық көріп, ғылым жетістігіне сай жалғасын таба бермек. Ғылымдағы алғашкы қадамы қуантатын Тұрдықұл Шаңбайдың саликалы да байыпты қынне сәттілік тілейміз.

Екиншіден Шәкәрімтану саласында академик Еариғолла Есім бастаган көлтеген ғалымдардың еңбектері оқушылар қолына тиңді. Шәкәрімнің философиялық ойлары, Ар білімі туралы өресі биік зерттеулер де жарық көруде.

Шәкәрімге, оның шығармаларына деген халқының ынта-ықыласы ерекше. Сондыктан, Шәкәрім шығармаларының барлық басылымдары, гүрлі ғылыми мекемелерде сакталып отырған

колжазбалары салыстырыла зерттеп, шыгармаларының толық академиялық жинағын бастыратын кез жетті. Кейінгі кезде мерсейтой алдында асығыс дайындалып, жарық көрп жатқан кітаптарда қателіктеге орын беріліп кететін де шындық. Бұл, оқырманды, жалпы Шәкарім енбектерін әр қырынан зерттесушілердің жаңсақ басуына жол ашады. Ал, түпнұсқамен салыстырылып, мәтінгітанулық жұмыс жүргізілмеген шыгармалар басқа тілдерге аударылса, жансақтық одан ері жалғасып бір-біrine жамала бермек.

Тағы бір айта кетерлік мәселе Шәкәрімдей асылдың атын сматуллашылар секілді теріс пигылдылардың пайдаланып қалуга тырысуышылығы. Шәкәрім шыгармалары – Ислам гуманизмінің мәйеғі. Шәкәрім шыгармалары халқына рухани жақын, имандылықтың бұлагы болғандықтан, онын сибесктеріне әлігі жат пигылды ағым окілдері тіпті де күштар. Шәкәрімнің рухани беделін сматуллашылар сияқты улы сопыттануышымақтар өз максаттарына пайдалануға бар күштерін салуда. Осы секілді әр кезеңнін келенсіз құбылыстары болатынын Шәкәрім түсінген. Сондыктан да цүріс жоңдағылардың дінін «таза дін», теріс жүргендердің «шатак дін» деп атаған.

Шәкәрім шыгармашылығының халықты имандылыққа үйітуда, ұлттық құндылықтарымызды түсінудегі мән-манызы аса зор. Шәкәрім ақылға ерекше мән берген. Не нәрсене болса да терен пайымдан түсінуге тырысады. Ойланбай, азғыруға ермеуге шақырады:

Дін тазасын диннен ізде,
Дін шатағын сынға сал.
Анық айна өзінізде,
Айда ақылды каттырак.

Іә. Гасырлар бойы ата-бабан кай дінді ұстанды, ғұламаларың кім, соны зерделесен, бәрі де айнадағыдай болады. Қожа Ахмет Йасауи кім еді? Ол өзінің «Диуани хикметінде» («Даналық кітабы») не деді? Хикметтерінде нені уағыздады:

Шын ғашықты Аллам сүйіп пешідем деді,
Орта жолда қалмасын деп камын жеді.
Жалғанышылар дидарымды кормес деді,
Ғашықтықка бекем болып тұрдым, миңе.

Кожа Ахмет Йасауи да «жалғанышылардан» сактандырады. Қазақтың исламдық әдебиетінің ірі өкілі де осылай ислам жолының, Алла Тағаланың мұстаким (тура) жолының құдіреттілігін жырлаған. Мұсылман Шығысы мен тұтас тұркі мәдениетіне деген шығыкпен да Шәкәрім өлең тілімен анық білдірген:

Жасымнан жетік білдім түркі тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жарқырап қаранғыдан құнім туып.
Ояткан мені ерте – Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сирі, – дейді ол
агынан жарылып.

Іә. Шәкәрім мұсылманды Шығысы ғылымын, поэзиясын терен білген дарын. Бұдан біраз жыл бұрын Әл-Фарабидің эстетикалық қөзқарасын, Қожа Ахмет Йасауидің діни, тарихи-мәдени сипаттары жайлы жазғанмын. «Қазақдаласының жүлдіздары» (Алматы. «Мектеп», 1995) атты кітабымда оқырмандарға гасырлар парагының арасында қалып қойған қазак даласынан шықкан отырарлық, түркістандық, сайрамдық, тараздық, баласағұндық, женттік, сыйнақтық талайданышпандарды зерттеп таныстырган едім. Ол кезде атеизмінің туы желбіреп тұрған шақ-ты. Сол себепті және белгілі жағдайларға байланысты Шәкәрім шыгармашылығын зерттеуге мүмкіндік болмады. Аллага шүкір, ол кез келмеске кетті. Сондыктан, Шәкәрім және басқа да ғұламалардың шыгармаларын рухани құндылықтар ретінде Ислам мәдениеті аясында теренірек зерттейтін уақыт жетті. Шәкәрім шыгармашылығын Әбу Насыр әл-Фараби немесе Қожа Ахмет Йасауи секілді тағы да басқа ғұламалар енбектерімен салыстыра зерттеу ләзім.